ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
І. ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЖЕТЫСУСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ И. ЖАНСУГУРОВА

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ZHETYSU STATE UNIVERSITY NAMED AFTER ILYAS ZHANSUGUROV

# «ҒЫЛЫМ, БІЛІМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ - «ҚАЗАҚСТАН – 2050» СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЛАРЫ

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**24-25 қазан**

**1-бөлім**

# МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции

**«НАУКА, ОБРАЗОВАНИЕ И ИННОВАЦИЯ – ФАКТОРЫ РЕАЛИЗАЦИИ СТРАТЕГИИ «КАЗАХСТАН – 2050»**

**24-25 октября**

**1 часть**

# MATERIALS

of the International Scientific-practical conference

**"SCIENCE, EDUCATION AND INNOVATION - FACTORS OF IMPLEMENTATION OF THE STRATEGY "KAZAKHSTAN - 2050"**

**October 24-25**

**1 part**

Талдықорған – Талдыкорган – Taldykorgan
2014 жыл – 2014 год – 2014 year

**ӘӨК 001**
**КБЖ 72**
**Ғ 96**

Редакция алқасы: Ә.Е. Бектұрғанов (бас редактор), М.Т. Кантуреев (бас редактордың орынбасары), М.Ж. Мальтекбасов, Е.Ш. Дусипов, Е.Б. Мукажанов

**Ғ96 «Ғылым, білім және инновация - «Қазақстан – 2050» стратегиясының орындалуының маңызды факторлары»** Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Қазақша, орысша, ағылшынша. 2 бөлімнен тұрады. – Талдықорған: І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, 2014. 550 бет.
**Ғ96 «Наука, образование и инновация – факторы реализации стратегии «Казахстан – 2050».** Материалы научно-практической конференции. В двух частях. –Талдыкорган: ЖГУ им. И.Жансугурова, 2014. 554 стр.
**ISBN 978-601-216-238-7**

Жинақ материалдары докторанттарға, магистранттарға, студенттерге және ғылыми мәселелермен айналысатын зерттеушілерге арналған.

Материалы сборника адресованы докторантам, магистрантам, студентам.

**ӘӨК 001**
**КБЖ 72**

ISBN 978-601-216-238-7 © Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова, 2014

дұрыс демалу, даусын аспаптың сүйемелдеуімен айту, дұрыс бастап, дұрыс аяктау, әр түрлі нюанстарды әр түрлі жылдамдыктарда орындай білгенде жұмыс нәтижелі болады.

- Мектеп әндерін орындау дағдысын қалыптастыру үшін төмендегідеці бағытта жұмыс жүргізу керек.
  - Әр түрлі деңгейдегі әндерді аспаппен қосылып орындау;
  - Сыныпта немесе жеке дауыста ән айту.
  - Есту қабілетін жетілдіру,
  - Шағын шығармалар аспапта ойнай білу;
  - Нота сауатын үйрену.

Мектеп әндерін сырнай аспабының көмегімен 1-6 сыныптарда, музыка сабағының бағдарламасы бойынша әндер көлемімен танысады.

Мектепте халқымыздың салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына байланысты «Қыз сыны, Наурыз» мейрамына байланысты іс-шаралар өткіземіз.

Осы жоғарыда айтылған іс-тәжірибелеріне сүйене отырып төмендегідей нәтижелерге қол жеткіздім. 2011ж бітірген мектеп түлегі Дәстүр мектеп қабырғасында жүріп, аудандық, облыстық, республика көлемінде өткен ән байқауларына жүлделі орынды иеленсе, 2012 жылы «Жас қанат»

Байқауына қатысып, лауреат атанды. Жанатқызы Самал өнерге деген сүйіспеншілігімен қажырлы еңбегінің арқасында халықаралық ән байқауларына қатысып, лауреат атанды.

Мектептегі бүгінгі күнгі өнер майталмандары ауданды көркемөнерпаздар байқауында, облыстық «Жетісу жұлдызы» байқауында, облыстық «Дельфилық» ойындар байқауларына қатысып жүлделі орындар иеленіп келеді. Олар: Сапатаева Анел, Жылқыбай Аружан, Құрман Диана.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. А.Жұбанов. Замана бұлбұлдары
2. П.Момынұлы. Қазақ музыкасының қысқаша тарихы
3. Г.Карамолдаева. Воспитнаие музыкой А 1983

**УДК 683**

## ӨНЕРКӘСІПТІК КӘСІПОРЫНДАРЫНДАҒЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРДІ БАСҚАРУДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕНІҢ МАҢЫЗЫ

**Шалбаева Ш.Е.**
*Э. г.к., доцент, Алматы Менеджмент Университет,* Алматы қ.
**Кенжегаранова М.К.**
*Ага оқытушы, Алматы Менеджмент Университет, Алматы қ.*

Мақалада авторлар ақпараттық технологияларды қолдану барысында өнеркәсіптік кәсіпорындарда ақпараттық басқару жүйесін енгізу, оның ішінде сүтөндірісі саласында ұйымдастырушылық өзгерістерді басқарудағы ақпараттық жүйенің алатын орны және маңызы туралы сұрақтар қарастырылған.

Сонымен қатар кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жол ашатын, бизнес-процестер мен басқару элементтерінің бейімделгіштігіне, өндірістің икемділігіне қол жеткізуге бағытталған ақпараттық басқару ұйымдастырушылық өзгерістерді табысты басқарудың жолдары көрсетілген.

В статье авторы рассматривают вопросы построения информационных систем управления на промышленных предприятиях, в частности на предприятиях молочной отрасли. ИС способствуют повышению эффективности промышленного производства и помимо учета ресурсов хозяйствующего субъекта, они позволяют осуществлять аналитическую функцию для предприятий при принятии управленческих решений.

The authors of the article consider the questions of building and implementing of Information Technology systems in industrial enterprises, in particular in dairy goods production companies. IT contribute to the efficiency of industrial production and in addition to accounting and other economic

resources' planning and data recording, IT systems perform the analytical functions for enterprises that the managers make proper managerial decisions.

Бәсекелестікке қабілеттілікті сақтап қалуға қатысты шаралар айнала ортадағы экономикалық жағдайдың талаптары мен белгісіздігіне дер кезінде назар аудару қажеттілігінен туындайтындықтан көптеген жағдайда сыртқы орта ұйымдарды дамытудың себебі болып табылады.

Өнеркәсіптік кәсіпорындардағы басқару технологияларын оңтайлы өзгертуді қоса алғандағы, білім және денсаулық сақтаудағы өзгеріс, өндірістің сапалық және ресурссыйымдылық (қордың сыйымдылық) себептері, инновация, ғылыми-техникалық прогресс азаматтардың әл-ауқаты мен тірлік сапасының өзгеруімен және ІЖӨ деңгейінің артуымен қатар жүретін ел дамуы мен экономикалық тұрғыда өркендеуінің бастапқы нүктелері болып табылады.

Ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерін өзектендіру мен қайта қарау олардың шаруашылық қызметіне жаңа талаптар қоюды жорамалдайды. Осыған байланысты, ұйымдастырушылық өзгерістерді басқару менеджменттің ықпалды әрі заманауи құралдары мен функциональдық бағыттарымен бір қатарда тұрады.

Экономикасы дамыған көптеген өнеркәсіптік кәсіпорындар ақпараттық технологиялары қарқынды басқару жүйесіне (бұл автоматтандырылған басқару жүйесі (АБЖ ), интеграциялық басқару жүйесі (ИБЖ) болуы мүмкін және т.б.) негізделген жүйеге көшуде.

Мәселен, АҚШ-та жаңа ақпараттық технологияларды күшейтуге инвестицияның 40% жұмсалады екен. Нәтижесінде қажетті толыққанды ақпарат алып отырады [1].

Бұл мақсатта «Қазақстан Республикасындағы ақпараттандыру жайлы» заңы жаңа Заңның қарастырылуын қажет етеді.

Сонымен қатар, кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жол ашатын, бизнес процестер мен басқару элементтерінің бейімделгіштігіне, өндірістің икемділігіне қол жеткізуге бағытталған ақпараттық басқаруды енгізу ұйымдастырушылық өзгерістерді табысты басқарудың бірден-бір жолы.

Ақпараттық басқару жүйесін енгізу (бағдарламалық өнімдерді қолдану) өнеркәсіптік кәсіпорынның барлық ресурс түрлерінің жұмысының тиімді болуына әсер етеді. Сондықтан да, нарықтық жағдайында ақпараттық қамсыздандыру – мемлекеттің ең басты міндеті ретінде қарастырылуы керек.

Бұл жүйе ұйымдастырушылық өзгерістерді басқарушыларға компанияны дамытуға арналған тиісті басқарушылық шараларды жүзеге асыруға және өзгерістер түрлерін анықтауға көмектесетіндігі арқылы көрініс береді.

Осы басқару жүйесінің маңыздылығы кәсіпорынның ресурстық есебін қатар алып жүруімен бірге, олар түрлі басқарушылық шешімдер қабылдауда кәсіпорынның сараптамалық бағалау функциясын да іске асырып отырады.

Өзгерістерді іске асырудағы келесі міндеттердің бірі кәсіпорындарда ақпараттық басқару жүйесін орнату арқылы, ол бағдарлама көрсеткіштеріне : бухгалтерлік, қаржылық басқару, салықтар, өндірістік т.б. есептеу түрлерін жүйелеп енгізу және құру болып табылады. Сүт өнімдерін және қышқыл сүт өнімдерін дайындайтын кәсіпорындарда ақпараттық басқару жүйесі жоспарлау, бақылау және болжам жасау арқылы, шыққан өнімдердің сапасын анықтап, ақаулық пен шығынды көрсетеді. Осылай үзіліссіз түрлену процесінің жүруіне ықпал жасайды.

Мамандармен енгізілген кәсіпорынның шаруашылық және тікелей өндірістік қабілетіне қарай құрылған ақпараттық басқару жүйесі, интеграциялық функцияларды да басқару арқылы бүгінгі күнге компаниялар жұмысының экономикалық тиімділігін және өндірістік қажеттілігін көрсетеді.

Мысалы, кәсіпорнында бухгалтерлік есепті жүргізу осы бағдарламалық өнімде арқылы іске асады. Жұмыс кезіндегі режимдік өзгерістер және де сүтті қайта өңдеу процесінде бағдарлама көрсеткіштері арқылы ақпараттар сақталынып және басқа да бөлімдер жұмысыме синхронды түрде тығыз байланысып жатады.

Бағдарламаның артықшылығы:

- тапсырыстарды өңдеуге кететін уақыт қысқартылады ( мысалы, жабдықтау бөлімімен түрлі тапсырыстар қабылдауда т.б.;

- сатып алушылармен жақсы қатынас орнатылады, себебі тапсырыстың тез іске асуы оларға жағымды әсер тудырады;
- өндірісті тез жоспарлап іске асыру мүмкіншілігін арттырады. Өйткені дайын деректер қоры көрсеткіштері арқылы өнімнің шығарылуын қадағалап,
- ( тапсырыстар бойынша, дайын өнімдерді өткізу) өзгерістерін енгізуге болады. [2].

Ақпараттық өнімдер шығаратын және кәсіпорынның өнімдік қызметін ескеріп реттейтін көптеген компаниялар бар. № 1 таблицада кеңінен қолданылатын көптеген ақпараттық өнімдер және сүт өңдеу саласындағы платформалар, олардың қысқаша сипаттамасы және шамамен алынған бағасы берілген, егер де сүт өнімдерін өңдеу саласындағы кәсіпорын көрсетілген өнімді сатып алуға шешім қабылдаса.

1 Таблица - Ақпараттық өнімдер және сүт өнімдері саласындағы АБЖ

| № | Бағдарламалық өнімдердің атауы, платформалар, компаниялар және елдер | Қысқаша сипаттама | Бағасы |
|---|---|---|---|
| 1 | ПП «Молокозавод», Компания: ЮКОЛА-ИНФО-Брест Беларусь Республикасы [2] | Ақпараттық және автоматтандырылған жүйелеріне кешенді шешім | От 1 000000 ш.б. ( Ірі кәсіпорындар) |
| 2 | ПП «1С:Молокозавод». Фирманың бірлескен шешімі 1С және НТУиК орталағы ( ғылыми-техникалық қызмет көрсету орталығы және кеңесі) РФ [3,4] | Халықаралық әдістемеге негізделген ұйымдарды ақпараттық басқару жүйесі кешенді шешімі (MRP II, CRM, SCM, ERP, ERP II т.б). | От 4 500 ш.б. ( 10 жұмыс орнына, плюс әр жылдық лицензия төлемі) |
| 3 | Орталықтандырылған қызмет көрсету паркіне ПК негізделген Microsoft System Center Configuration Manager 2007. Компания: Softline АҚШ- Ресей [5] | Өнім бағдарламалық қамтамасыздандыру стандартын іске асырып және енгізілген көрсеткіштерді синхронизациялау арқылы өнеркәсіптік кәсіпорындарындағы қызметкерлердің жұмысын жеңілдетуге ыңғайлайды. | 35 000 ш.б. |
| Ескерту – әдебиет негізінде автормен құрастылыған [2 - 5] | | | |

№ 2 таблицада сүтөңдеу кәсіпорнындағы ақпараттық басқару жүйесінің басымдылығы көрсетілген

| | |
|---|---|
| Сүт өндіру кәсіпорнының директорына анықтау керек:<br>- Сату, түсім, шығын жоспары бойынша орындалу дәрежесін;<br>- компанияның ағымдағы алатын орнын, көрсеткіштер деңгейін, нарықтағы бөлігін;<br>- тиімділік көрсеткішін. | Қаржы бөлімінің бастығына анықтау керек:<br>- шығыс пен кіріс ара қатынасын;<br>- жоба және шаралардың бағасын және де оны өткен жылдардың бағысымен салыстыру;<br>- бөлімдердің бюджетті қадағалап сақтауын. |
| Сатып алу бөлімінің бастығына анықтау керек:<br>- шикі өнімді сапалы және тиімді | Кадрлар бөлімінің бастығына анықтау керек:<br>- оқытуға дейінгі және оқытудан кейінгі персоналдың өнімділігі; |

| | |
|---|---|
| бағамен алып келушілерді;<br>- кідірістерді;<br>- бағасымен сапасына қарай болашақ кірістердің арақатынасын. | - персоналдың сапалық және сандық құрамының болжамы;<br>- нәтижелі жұмыс атқарудағы персоналдың дағды машығы және шеберлігі. |
| Ескерту – әдебиет негізінде автормен құрастылыған [6] | |

Ақпараттық басқару жүйесіні – ақпарат, су, газ және жарық энергиясы секілді қоғам тұтынатын, қажетті уақытта кез келген адам оңай қол жеткізе алатындай қолжетімді болуын қамтамасыз етеді. Сол себепті жаппай ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамытып, оларды игеру бірінші кезектегі мәселе.

Сонымен қатар ақпараттық басқару жүйесін сүт өнімдерін өңдеу кәсіпорындарында қолдану өзекті мәселенің бірі. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек осы жүйелерді қолдану барысындағы жобалар және бағдарламалар екі-үш жылда өзін-өзі өтейтіндігін көрсетеді.

Нарықтардың жаһандануы және халықаралық аренадағы тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының арасындағы бәсекелестіктің барынша күшеюіне байланысты сүтті қайта өңдеумен айналысатын отандық кәсіпорындар уақыт көшінен қалып қоймауға тиісті және талаптар мен өзгерістерге дер кезінде дайын болуы керек.

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа экономикалық бағыты: Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан-2050» Стратегиясы» жолдауын жүзеге асыру жолдары мен ұсыныстары / С.С.Еспаев. Алматы: ҚР БҒМ ҒК Экономика институты, 2013. -175 б.
2. 1С: Предприятие 8. Молокозавод http://solutions.1c.ru/catalog/molzavod/features (Дата доступа: 15.07.2014)
3. Молокозавод http://www.jukola.info/company/partners/brest/milk.php. (Дата обращения: 30.06.2014)
4. Фирма 1С http://www.1c.ru/rus/firm1c/firm1c.htm (Дата доступа: 08.08.2014)
5. История Центра НТУиК http://www.cntuik.ru/history/ (Дата доступа: 11.03.2014)
6. Компания Softline стандартизировала ПО для Юнимилк www.microsoft.com/rus/casestudies/ServeFileResource.aspx?400002 7852 (Дата доступа: 07.06.2014)
7. Система бизнес-аналитики и визуализации данных http://www.qlik.com/ru (Дата доступа: 11.07.2014)

ҚАЛЫПТАСТЫРУ........................................................................................................ 495

**Шарипов А.Қ., Сисембаева Д.Р.**
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ЕЛІМІЗДІҢ ИНДУСТРИЯЛЫҚ -
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ РОЛІ........................................................................ 498

**Шакербекова А.М. Наубаева Х.Т.**
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГТІҢ БАБАЛАР ІС-ӘРЕКЕТІН
ІЗГІЛЕНДІРУДЕГІ РӨЛІ........................................................................................ 501

**Шалдибекова Р.Ш., Қазыбаева Н.Ә.**
БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ–ПСИХОЛОГТЫ КӘСІБИ ДАЙЫНДАУДА
ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ................................................ 504

**Шалимбетова Б.Х.**
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ТЕОРИЯ МЕН ТӘЖІРИБЕНІҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ............................................................................................................. 507

**Шалбаева Ш.Е., Кенжегаранова М.К.**
ӨНЕРКӘСІПТІК КӘСІПОРЫНДАРЫНДАҒЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ
ӨЗГЕРІСТЕРДІ БАСҚАРУДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕНІҢ МАҢЫЗЫ ..................... 511

**Шарапиева А.Ф.**
ПРИМЕНЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В РАЗВИТИИ
ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ УЧЕНИКОВ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ........... 514

**Щербовских И.Г.**
СЕМАНТИЧЕСКИЕ КОМПЛЕКСЫ «ДЕНЬ» И «НОЧЬ»
В ПОЭЗИИ Ф.И.ТЮТЧЕВА........................................................................ 520

**Щербовских И.Г.**
СРСП В ПРЕПОДАВАНИИ ЗАРУБЕЖНОЙ ЛИТЕРАТУРЫ 19 ВЕКА ………….. 524

**Шеримова Н.Ш., Байжуманова А.М.**
ПРАВОВАЯ ОХРАНА АТМОСФЕРНОГО ВОЗДУХА ПРИ ПРОВЕДЕНИИ
ОПЕРАЦИЙ ПО НЕДРОПОЛЬЗОВАНИЮ................................................ 529

**Шевцова Ю.В.**
ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЭЛЕМЕНТОВ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ НА УРОКАХ
РУССКОГО ЯЗЫКА, КАК РАЗВИТИЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ
УЧАЩИХСЯ.................................................................................................. 533

**Шитенова Қ.С.**
ДИАЛОГТІК ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНЕН ҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ
ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ.................................................... 537

**Шойбекова А.Б.**
ШЕТЕЛ САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ –КОММУНИКАТИВТІК
ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ.................................... 539